

**Жетісай ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

***Күшін жойған***

Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 қарашадағы № 38-201-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қарашада № 5924 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 15 наурыздағы № 18-112-VII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 15.03.2022 № 18-112-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 503-бабына, 509-бабының 5-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Жетісай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес, Жетісай ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін он есеге арттырылсын.

2. "Жетісай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Жетісай аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы:  
Аудандық мәслихаттың  
хатшысының у.м.а.*

*Б. Баймбетов*

*О. Асанов*

